

Г.Ж. Утегенова*, С. Талебаев, А. Карнебаев
ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
студент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
студент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
*Корреспондент авторы: gulzi_2615@mail.ru

ҚОЗҒАЛЫСТЫ БІЛДІРЕТІН ЕТІСТІКТЕР

Түйін

Етістіктің өзіндік ерекшеліктері мол: семантикалық сипаты сан алуан, грамматикалық қасиеті әр жақты, түрлену жүйесі мен грамматикалық категориялары әр қилы, синтаксистік қызметі мен тіркесу, басқа сөздермен байланысу қабілеті кең, құрамы мен құрылымы қат-қабат. Етістіксіз сөйлем құрап айту мүмкін емес. Соның ішінде, қазақ тілінде етістіктің лексика-семантикалық сипаты ерекше. Алдымен ол етістіктердің ішкі семантикасына байланысты болса, екінші жағынан бай морфологиясы арқасында сөйлеу кезінде өте жиі қолданылатындығына да байланысты. Лексика-семантикалық топ деп екі немесе бірнеше сөздің лексикалық мағынасына қарай топтастырылуын айтамыз. Лексика-семантикалық топтың көлемін, оған енетін сөздердің санын парадигмалық мағына мен парадигмалық қатынас арқылы анықтаймыз. Тіл біліміндегі сема мәселесі тек соңғы жылдары ғана қолға алынуда. Оның өзіндік ерекшеліктері мол: семантикалық сипаты сан алуан, грамматикалық қасиеті әр жақты, түрлену жүйесі мен грамматикалық категориялары әр қилы, синтаксистік қызметі мен тіркесу, басқа сөздермен байланысу қабілеті кең, құрамы мен құрылымы қат-қабат. Етістіктер грамматикалық қасиеті жағынан ыңғайлас, сәйкес болғанымен, семантикалық сипаты сан-алуан.

Кілттік сөздер: Тіл білімі, түркітану, лексика, семантика, етістік.

Кіріспе

Сөз мағынасын сөздің сөйлемдегі орны арқылы анықтау қазіргі структурализм өкілдерінің арасында кең тараған. Тілдің системалы құбылыс екендігін көпшілік ғалымдар мойындайды. Біздің түсінігімізше, система мағына жасамайды, керісінше сөздің мағыналық қарым-қатынасын сырын толық түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, етістіктерді қозғалу етістіктер, амал-әрекет етістіктері, қарым - қатынас етістіктері сияқты лексика-семантикалық топтарға бөлгенде, олардың лексикалық мағынасын негіз етіп алады. Сөздің лексикалық мағынасы зат, құбылыс, іс-әрекеттің санада бейнеленіп тұрақталған ұғымның мазмұнын қамтиды [1].

Қозғалу етістіктері дегенде қозғалысқа түскен заттардың бір орыннан екінші бір орынға өтуімен байланысты мағынаны білдіруіне негізделсе, қалып етістіктері, заттың қалпымен, кеңістіктегі орнымен байланысты болған мағынасына негізделеді. **Кел, кет, бар, жүгір, ұш, еңбекте, жорғала** деген сөздерде қозғалу, орын ауыстыру бар. Бірақ бұл етістіктердің біреуі жоқ болса, системада ыдырайды деген ұғым тумауы керек, олардың әрқайсысының мағыналық дербестігі бар. Сол мағынасына қарай белгілі бір лексика-семантикалық топтың құрамынан орын алады.

Кіші тематикалық топтардың да, лексика-семантикалық топтардың мүшелері арасында ортақ семалары болады да, мағыналық сыбайластыққа негізделеді. Мысалы, туысқандық атаулары мен қозғалу етістіктерінің құрамындағы сөздердің мағыналарын салыстырып көрелік. Туысқандық атауларына мына сөздер енеді: **ата, ана, бала, әже...** т.б. Бұл сөздердің барлығы да өзара бірдей семантикалық байланысқа ие, оларды байланыстырып тұрған семалары тең деп айта алмаймыз, бірақ олардың барлығына ортақ бір мағыналық элемент – сема бар, ол туысқандық атауы болуымен байланысты. Бұл сөздерді ары қарай мағына сыбайластығына қарай бөле беруге болады [2]. Мысалы, қандық туысқандық және некемен байланысты туысқандық. Қозғалыс етістіктерінің құрамына енетін сөздер өзара бір немесе екі семалары арқылы байланысып жатады. **Бар, кел, кет,**

өт, секір, жылжы, атта, шап, жорғала, сырғы, сырғана, ауна, жет т.б. етістіктердің барлығының мағына құрамында қозғалған заттың орнын өзгерткендігін білдіретін семалар арқылы байланысып жатады. Осы мағыналық элементіне қарай біз оларды қозғалу етістігі деп атаймыз. Бұл топтағы сөздерді де екінші бір мағыналық элементтің байланысына қарай белгілі бір бағытты білдіретін қозғалыс етістігі, бағытсыз қозғалысты білдіретін етістіктер, қозғалыстың темпіне (тездігіне) байланысты мағына білдіретін қозғалыс етістігі, баяу қозғалысты білдіретін қозғалыс етістігі, сияқты бірнеше кіші семантикалық топтарға бөлуге болады. Сонымен бірге етістіктердің синонимдік, антонимдік қатарлары да осы лексика-семантикалық топтың аясында болатындығыны естен шығармау керек [3]. Мысалы, *кір-шық, шық-түс, кел-кет, алыста-жақында, алыстау-ұзақтау, жырақтау-қашықтау, жақындау-айналышақтау-төңіректеу* т.б.

Сөздерді анализ әдісімен талдап қарайтын болсақ, онда сөз мағыналарын бір немесе бірнеше семаларға бөлуге болатындығына көз жеткізуге болады [4]. Мысалы, *жүр* етістігін алып көрелік. Бұл етістіктің лексикалық мағына құрамында, біздіңше мынадай, мынадай семалар бар: 1) қозғалу қимылы бар, 2) қозғалған заттың бір орыннан екінші орынға өткенін білдіреді, 3) қозғалу жерде болады, 4) бағытсыз қозғалысты білдіреді, 5) қозғалыстың темпі баяу (жүгіруге қарама-қарсы) болған дығын, 6) процестің созылыңқылығын т.б. болады. Ал, *түс* етістігінде болса, 1) қозғалыс қимылы бар, 2) қозғалған заттың бір орыннан екінші орынға өткенін білдіреді, 3) қозғалыстың жоғарыдан төмен қарай болғандығын білдіреді, 4) қозғалыстың темпісіне нейтраль болады, 5) қозғалған заттың белгілі бір жерге, территорияға бағытталғандығын білдіреді т.б. [5]. Осы мысалдардан кез-келген сөздің мағынасын майда семаларға бөлуге болады деген қорытынды шығаруға болады. Бірақ сөздер тіркесте келіп белгілі бір мақсатта қолданылуымен байланысты, сөз мағынасымен байланысты болған семалардың барлығы бірдей сөздердің сол тіркестегі мағына компоненттеріне енбеуі де мүмкін. Салыстырыңыз: *Сол әскер суды өрлеп талай жүрді, Судың басы бір құзар шатқа кірді (Абай). Сонан соң арқаныңды тасқа байла, Түсетұғын ыңғайлы жерді сайла (Абай) деген мысалымызда қолданылған жүр, түс сөздері жоғарыдағы көрсеткен семаларды толық қамтуға әрекет еткен. Ал, Беталды жанға бой салма, Қорлық жүрмес сақтыққа (Абай).* Өзге қаражұрт жақсы жолдай жүре береді екен (Абай) мысалдарымызда *жүр* етістігінде жоғарыдағы мысалдарда қолданылған семалардың барлығы бірдей қатысып тұрған жоқ. Қорлық жүрмес тіркесіндегі *жүр* сөзі көндіру, айтқанын істету мағынасына мәнде қолданылып тұрады. Сондай-ақ қазақ тілінде *билік жүргізу, әмір жүргізу* сөзі жүру сияқты тіркестер де қолданылады, бәрінде жоғарыдағы *көндіру, мойындату* семасы бар. Екінші мысалымызда *жүр* етістігі *өмір сүру, жасау* мағынасында қолданылып тұр. Бұл жерде ол *жүр* етістігінің қозғалу және созылыңқылықты білдіретін семасына негізделіп тұр. *Түс* етістігі де, қазақ тіліндегі көп мағыналы етістіктердің бірі олардың да әр мағынасында *түс* сөзінің мағынасын құрайтын семалардың біреуі жетекші орынға шығып, мағынаны белгілесе, кейде бір мағынасына негізделіп басқа бір бейнелілік не ауыспалы мағына жасалынады. Салыстырыңыз: *Алматыдан келген қонақ үйге түсті* дейтін болсақ, *қонақтың үйге келгенде, аспаннан түспейтіндігі анық.* Қазіргі қазақ тілі деңгейінде қарайтын болсақ, жоғарыдан жерге түсті деген тіркестегі *түс* сөзінің мағынасы мен қонақ үйге түсті дегеннің арасында мағыналық байланыс жоқтай көрінеді, шындығында ондай байланыс бар. Ол 1) *Территориялық*, 2) *Тарихи мағынасы жағынан* байланысып жатыр. Себебі ұзақтан келген қонақтың көлікпен келетіндігі анық, ал, қазақ тілінде аттан түсу, машинадан түсу сияқты тіркестің қолданылатындығы анық. Сонымен бірге *аттан, көліктен түскен* адамның біраз болса да, аялдайтындығы, тоқтайтындығы да белгілі. Соңғы мағынадан *қону, түнеу* мағынасы да өрбіген. Ал, *баласы оқуға түсті* дегенде, *түс*

етістігі белгілі бір территорияға *ену, кіру* мағынасымен байланысты жаңа мағынада қолданылып тұр. Осы соңғы мағынамен *ой түсу, есіне түсу* сияқты тіркестегі мағыналар байланысып жатады.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (I-IV) **жердегі қозғалысты білдіретін етістіктердің** жалпы саны 27, ол 156 мысал көмегімен дәлелденеді. Оның: I томында 9 – сөз, 48 – сөйлем; II томында 2 – сөз, 22 – сөйлем; III томында 10 – сөз, 56 – сөйлем; IV томында 6 – сөз, 30 – сөйлем берілген. Мұндағы әрбір сөз қозғалыстың жерде болғандығын білдіреді. Басқа сөздермен қарым-қатынасқа түскенде, яғни, сөйлем ішінде өзінің бастапқы мағынасына қосымша мағына үстейді. Оны төмендегі мысалдардан көруімізге болады.

Адымда. Лұқпан өкілдің қолындағы қағазды алып, қойнына тығып, ірі *адымдап* үйден шықты (Б.Майлин).

Ақса. Оқ тиген теке шаңырақтай мүйізімен басын жерге тұқыртып, бір домаланып барып қайта тұрды да, *ақсай* басып жөнеле берді (Ғ.Сыланов).

Алшай. Алдыңғы топ бұл кезде жарты шақырымдай өрлеп, екі ара *алшай* бастады (Х.Есенжанов).

Белгілі бір бағытқа қаратылған қозғалысты білдіретін етістіктер.

Адымда. Аяғын *адымдай* басып Нұрым да көлеңкедегі байлаулы тұрған кер атқа жетіп барды («Лен. Жас».).

Айнал. Қайық ар жаққа жүруге *айналды* (М.Әуезов). Солдаттар Ғайниді қапсыра құшақтап алып, Танабайдың үйіне кіргізуге *айналды* (С.Сейфуллин).

Атта. Аттарын беріп қорадағыларға, қарамай даңғазаға, дабыраға. Аңғардың арығынан *аттап* өтіп, жүгіріп жөнелді Омар Хадраға (Қ.Тоғұзақов).

Аянда. Қожанасыр жалғыз аяқ жолмен *аяндай* отырып «Комсомол» колхозына келді (С.Адамбеков).

Бауырла. Жағалап жан *бауырлай* Бестөбені ызғындай қызыл жасыл көш келеді (Н.Ахметбеков).

Жүр. Ол ертеңіне Қызылордаға, оннан да алыс Алматыға *жүріп* кетті (Х.Есенжанов). Ержұмат әскерге *жүргелі* жатыр (С.Бегалин).

Бағытсыз қозғалысты білдіретін етістіктер.

Адымда. Демалыс күн дайындап, жазып, жаттап сабағын. Көшеге шыққан *адымдап* Балаға көз саламын (Т.Жароков).

Ақсаңда. Үстімде сұр шинелім, *ақсаңдай* басып келемін. Қанды қырғын, қызыл от Қаптап жүр ажал дегенін (Қ.Аманжолов).

Атта. Біз ілгері *аттаған* сайын жел желіге түсіп, көкіректен кейін қарай итереді (С.Мұқанов). Асыға бердім мен бірақ, адамыдай *аттап* ілгері. Жарымның көзі жаудырап, Тұрғандай күтіп бір мені (Т.Молдағалиев).

Аянда. Шәңгерей, Кәрібай, Шығанақ үшеуі Жанботаны ертіп, дөң басына қарай *аяңдады* (Ғ.Мұстафин). Раушан еш алаңсыз ақырын *аяңдап* келеді (Т.Ахтанов).

Бауырла. Таң қалықтамай бұл айрықтан кетесің. Тауды меркеде атырасың. Оң жағыңда бір ала тау тағы шөгіп жатады. Бұл қырғыздың атақты – Алатауы. Осы тауды *бауырлап* тағы шүү – шүүге саласың (І.Жансүгіров). Оң жақтағы орман шетінен тағы бір кара жол дөңді *бауырлай* барып биікке қарай жосылып жатыр (Б.Момышұлы).

Домала. Тұқымы піскенде қаңбақ түбінен желмен тұқымдарын жер бетіне «өзі сепкен» сияқты *домалай* жөнеледі (Ботаника). Өлім - құрдың, өмір өзен, жоғалат, өсер өзен тұрмыс жасын сорғалап. Тағдыр желі еркіне қоймай айдаса, Сорлы қу бас қайда кетпек *домалап* (Үш ғасыр).

Жиекте. Бұл жерден өткел таба алмайтындықтарына көздері жеткен барлаушылар тез кейін шегініп, жағаға шықты да, енді батпақты *жиектей* жүрді (Ө.Шәріпов).

Жоғарыда айтылған мысалдардың барлығын жинақтайтын болсақ, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» I-X томында 104 сөз, 551 - сөйлем берілген [6].

Осы ерекшеліктеріне орай, М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегінде қазақ тіліндегі етістіктерді жалпылаушы семаларына қарай он екі топқа топтастырған: амал-әрекет, жасау, өндіру, қозғалу қарым-қатынас, сезіну, ойлау, сөйлеу, дыбыс-сес, қалыпсапа, өсіп-өну, табиғи құбылыстарға байланысты етістіктер [7].

Қорытынды

Етістіктерді лексика-семантикалық топтарға топтастырғанда Қ.Жұбанов, И.Маманов, А.Ысқақов, А.Хасенова қимыл-әрекеттік мән беретін сөздердің лексика-семантикалық топтарын айқындағаны жөнінде зерттеулері бар. Лексикалық семантикалық топ екі немесе бірнеше сөздің лексикалық мағынасына қарай топтастырылады. Зерттеу жұмысында сөз еткендей, әр ғалым өз еңбегінде етістіктерді лексика-семантикалық жағынан өзінше талдап, саралап түсіндірген. Тек етістіктерді ғана емес, сонымен қатар, есім сөз таптарын да лексика-семантикалық топтарға топтастырған. Мұндай топтастыру зат есім, сын есім, сан есімдерде кездеседі. Ал етістік мұндай мағыналық топтарға өте бай. Олар іштей 12 - топқа бөлінген. Біздің диплом жұмысымыздың зерттеу нысаны қимыл-қозғалу етістіктері болғандықтан, мысал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» IV томы бойынша жинақталды.

Қозғалу мәнді білдіретін етістіктердің жалпылаушы семасы қозғалысқа түскен заттардың не адамның бір орыннан екінші бір орынға өткендігін, орын ауыстырғандығын білдіреді: *жүр, кел, кет, бар, адымда, арала, ауна, домала, бауырла, әуеле т.б.*

Әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.
2. Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы: Мектеп, 1966. – 155б.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: [б.и.], 1998. -304 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі, Алматы: Мектеп, 1974. – 408б.
5. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. Алматы: Ғылым, 1975. – 230 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 томдар. А.: Ғылым, 2006 ж. -533 б.
7. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: Рауан, 1991. -216 б.

Г.Ж. Утегенова*, С. Талебаев, А. Карнебаев

К.ф.н., доцент, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

студент, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

студент, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

*Автор для корреспонденции: gulzi_2615@mail.ru

ГЛАГОЛЫ, ОБОЗНАЧАЮЩИЕ ДВИЖЕНИЕ

Аннотация

Глагол имеет множество специфических особенностей: многообразие семантического характера, многообразие грамматических свойств, многообразие систем видообразования и грамматических категорий, обширную синтаксическую функцию и сочетаемость, способность связываться с другими словами, пластичность состава и структуры. Без глагола невозможно сформулировать предложение. В том числе, в казахском языке особый лексико-семантический характер глагола. Сначала это связано с внутренней семантикой глаголов, а с другой стороны, это также связано с тем, что они очень часто используются в речи из-за их богатой морфологии. Под лексико-семантической группой мы подразумеваем группировку двух или нескольких слов в зависимости от их лексического значения. Определяем объем лексико-семантической группы, количество слов, входящих в нее, через парадигматическое значение и парадигматическое соотношение. Проблема сема в языкознании решается только в последние годы. Он имеет множество специфических особенностей: многообразие семантического характера, многообразие

грамматических свойств, многообразие систем видообразования и грамматических категорий, обширную синтаксическую функцию и сочетаемость, способность связываться с другими словами, пластичность состава и структуры. Глаголы, хотя по грамматическому свойству и подходят, но семантический характер разнообразен.

G.Zh.Utegenova*, S. Talebaev, A. Karnebaev

Candidate of Philological Sciences, associate professor, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

Student, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

Student, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

***Corresponding author:** gulzi_2615@mail.ru

VERBS DENOTING MOVEMENT

Abstract

The verb has many specific features: a variety of semantic character, a variety of grammatical properties, a variety of speciation systems and grammatical categories, extensive syntactic function and compatibility, the ability to communicate with other words, plasticity of composition and structure. It is impossible to formulate a sentence without a verb. In particular, the Kazakh language has a special lexical and semantic character of the verb. At first, this is due to the internal semantics of verbs, and on the other hand, it is also due to the fact that they are very often used in speech because of their rich morphology. By lexico-semantic group we mean grouping of two or more words depending on their lexical meaning. We determine the volume of the lexico-semantic group, the number of words included in it, through the paradigmatic meaning and the paradigmatic relationship. The problem of sema in linguistics has been solved only in recent years. It has many specific features: a variety of semantic character, a variety of grammatical properties, a variety of speciation systems and grammatical categories, extensive syntactic function and compatibility, the ability to communicate with other words, plasticity of composition and structure. Verbs, although they are suitable for grammatical properties, but the semantic character is diverse.

Информация об авторе, ответственном за сообщения:

Г.Ж. Утегенова

К.ф.н., доцент, ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан

E-mail: gulzi_2615@mail.ru

Information about the author responsible for contacts:

G.Zh.Utegenova

Candidate of Philological Sciences, associate professor, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

E-mail: gulzi_2615@mail.ru

Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат:

Г.Ж. Утегенова

ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

E-mail: gulzi_2615@mail.ru